



201 _____ жылғы _____
года

Астана, Үкімет Үйі

от « _____ » _____ 201 _____

№ _____

№ _____

№ исх: 17-62/1346 от: 31.05.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017ж.03.05 №ДЗ-124

Құрметті депутаттар!

Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарындағы қоршаған ортаның жай-күйіне қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Қазіргі уақытта кен орындары мен өндірістік аймақтар маңындағы экологиялық жағдайды жақсарту жөнінде қандай шаралар жүргізілуде? Атырау, Маңғыстау және Батыс-Қазақстан облыстарында мұнай-газ кен орындары маңайындағы топырақ пен жер беті суларының құрамында мұнайлы қалдықтармен ластануының, парниктік газдар шығарындыларының пайыздық көрсеткішін төмендету үшін 2017-2018 жылдарға қандай іс-шаралар жоспарланды?

Қоршаған ортаға түсетін жүктеменің пәрменді тебіктерінің бірі парниктік газдар шығарындыларын мемлекеттік реттеу болып табылады.

Мәселен ағымдағы жылдың сәуірінде Экологиялық кодекске өзгерістер енгізілді, онда Энергетика министрлігіне парниктік газдар шығарындыларының үлестік коэффициентін бекіту құзыреті берілген.

Қабылданған заңнамалық түзетулер шеңберінде Энергетика министрлігі бизнес-қауымдастықтармен USAID халықаралық сарапшыларымен, «Жасыл Даму» АҚ бірлесіп, Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлу ережелері мен 2018-2020 кезеңіне Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлудің ұлттық жоспарын әзірлеу жұмысын бастады, оларды ағымдағы жылдың екінші жартысында бекіту жоспарлануда, соған сәйкес 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Квота сату жүйесі іске қосылады.

Қоршаған ортаға техногендік әсерді төмендету және экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында республиканың ірі кәсіпорындары жыл сайын өз қаражаты есебінен орындалатын табиғат қорғау шараларының жоспарын әзірлейді.

Бұдан басқа кен орындары мен өндіріс аймақтары маңындағы экологиялық жағдайды жақсарту үшін ірі табиғат пайдаланушылар 2017-2018 жылдарға мұнай қалдықтарын, бұрғылау қалдықтарын, мұнай қойыртпақтарын, мұнаймен бүлінген топырақты өңдеу; «Қатты қалдықтар және пайдаланылған

Банк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без сериіного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

бұрғылау сұйықтары алаңы» чектерінде жиналған қалдықтарды өңдеу; объектілердің, бұрғылау станоктары мен орны қондырғыларының ағын сулары мен сұйық қалдықтарын өңдеу; шыны-талшықты құбырынан су айдау жүйесінің құрылысы; ілеспе шығарылатын газды отын ретінде қолдану және өңдеу арқылы кәдеге жарату; атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын азайтуға мүмкіндік беретін ұңғымаларды игеру кезінде газды жағу көлемін қысқарту жөніндегі іс-шаралары; электроэнергиясы өшірілген немесе басқадай істен шығу жағдайларында атмосфераға қышқыл мен өнделмеген газ шығарындыларының қауіп-қатерін төмендету мақсатында қондырғыларды түрлендіру жобасын әзірлеу; бүлінген жерлерді қалпына келтіру (рекультивация) сияқты табиғат қорғау іс-шараларын жоспарлады.

Қандай жобалар экологияны қорғау саласында, қандай жобалар іске асыру сатысында қаралады? Мемлекеттік және өзге де мемлекеттік емес ғылыми-өндірістік және ғылыми-зерттеу ұйымдары өкілдерінің осы жобаларға қатысу дәрежесі қандай?

Қазіргі уақытта Энергетика министрлігі Жаңаөзен қаласындағы «ӨзенМұнайГаз» АҚ аумағында жатқан мұнай қойыртпақтарын кәдеге жарату жобасын іске асыруда (МУ-3, мұнайды дайындау және қайта айдау цехы, (ЦППН) (130,0748 га), бұрынғы Алыбсеноман техникалық су жинағышы (859,3 га) аумағында).

Бұл қалдықтар Маңғыстау облысы Қарақиян аудандық сотының шешімімен иесіз деп танылып, кейіннен оларды кәдеге жарату үшін «Жасыл даму» АҚ берілген.

Осы жобаны іске асыру шеңберінде Жаңаөзен қаласындағы «ӨзенМұнайГаз» АҚ аумағында иесіз жатқан қауіпті қалдықтарды іске асыру бойынша ашық конкурс өткізді.

Бұдан басқа Энергетика министрлігі «2018-2023 жылдарға арналған Мұнай-газ саласының әсерін бағалаумен Каспий теңізінің жағалауы мен қайраңының қазақстандық секторының экожүйесін кешенді зерттеу» мақсатты бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірледі. Бағдарлама шеңберінде Каспий теңізінің жағалауы мен қайраңының қазақстандық секторының климаттық, гидрологиялық, жер қыртысы жағдайлары мен су түбіндегі топырақтың экологиялық жай-күйін қадағалаудың қолданыстағы желісіне талдау жүргізу және оны жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу көзделген.

Сондай-ақ, табиғат пайдаланушылардың инвестициялары есебінен ғылыми-зерттеу, іздеу жобалары бойынша жұмыстар атқарылуда. Мысалы, «НортКаспианОперейтинг Компани. Н.В» компаниясы 18 млн. теңге сомаға «Компанияның өндірістік операциялары жүргізілетін аудандардағы экологиялық жағдайлар мен параметрлер зерттеуі, мониторингі және бағалауы» іс-шаралары шеңберінде теңізде және жер үсті учаскелерінде жануарлар мен өсімдіктер әлемі мен қоректену ортасының зерттеулерін жүргізуде.

Сондай-ақ, 2017 жылы «Теңізшевройл» ЖШС күкірт карталарын басқару және зерделеу бойынша іздестіру жобаларына 33 млн.теңге бөлінді.

2017 жылы «Карачаганак Петролиум Оперейтинг б.в.» компаниясы Қарашығанақ мұнайгазконденсат кен орнында сомасы 193 млн.теңгеге қоршаған орта компоненттері сапасын зерттеу жөніндегі іс-шараларын жоспарлады. 2016 жылы 16,5 млн.теңге саласына «Үйіп сақталған құнарлы жер қабатын ары қарай пайдалану жолдарын анықтау» ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындады.

Барлық көрсетілген жобалар бірінші кезекте отандық ғылыми мекемелері (ғылыми-зерттеу жобалау институттары) мен жобалау ұйымдарын тарту арқылы әзірленуде.

Кен өндіру саласындағы экологиялық жағдайды жақсарту бойынша ең жаңа атқарылымдар мен ұсыныстар туралы ақпарат бола ма?

Газ ресурстарын ұтымды пайдалану және экологиялық жүктемені төмендету мақсатында Энергетика министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, заңнамалық базаны жетілдіру жұмыстарын жүргізді, бұл ілеспе газды кәдеге жарату мәселесін шешуде жер қойнауын пайдаланушылардың жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік берді.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңға сәйкес Энергетика министрлігі еліміздің жер қойнауын пайдаланушыларының әзірленіп, бекітілген Ілеспе газды кәдеге жарату және ілеспе газды қайта өңдеуді дамыту жөніндегі бағдарламаларының орындауларына тұрақты түрде мониторинг жүргізуді жүзеге асырады.

Мәселен «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңның 86-бабына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар ілеспе газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламаларын (бұдан әрі – Бағдарлама) көздеуге міндетті, олар ілеспе газды жағу немесе қатқа кері айдау (кәдеге жарату) көлемдерін қысқарту арқылы ілеспе газды ұтымды пайдалану және оның қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендету мақсатында әр үш жыл сайын жаңартылып отырылуға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушылардың Бағдарламаны іске асыруы барысында жағылған газдың көлемі 2006 жылдан 2016 жылға дейін 3,1 - ден 1,0 млрд. м³ немесе 68% қысқартылды, бұл ретте мұнай өндіру 2006 жылы 64,9 млн.тоннадан 2015 жылы 78,0 млн.тоннаға, ал газ өндіру 27,0-ден 46,4 млрд. м³-ге дейін артты. Осылайша, көрсетілген бағдарламаларды іске асыру табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, сондай-ақ, қоршаған ортаға түсетін жүктемені төмендетуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің құрылымында Экологиялық мониторинг және ақпарат департаментінің болуы қаншалықты дәлелді?

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 875 жарлығына сәйкес мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және оның тиімділігін арттыру, мемлекеттік аппаратты оңтайландыру және жинақы Үкіметті қалыптастыру мақсатында Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінен табиғи ресурстарды қорғау, олардың ұтымды пайдаланылуын бақылау және қадағалау, қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату, жаңартылатын энергия көздерін дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, «жасыл экономиканы» дамытудың мемлекеттік

саясатын бақылау саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып, Энергетика министрлігі құрылды.

Қабылданған «Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағдары» стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) елдің «жасыл» даму жолына көшуіне негізделген экономиканың тұрақты және тиімді моделін құруға нақты бағдар қояды.

2013 жылы Елбасы Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы (бұдан әрі –Тұжырымдама) бекітті, онда мынадай мақсатты индикаторлар белгіленді:

- электр энергетикасында баламалы және жаңғырамалы электр энергиясының үлесі 2050 жылға қарай 50%-ға жетуі тиіс;

- энергия үнемдеуде ВВП энергия сыйымдылығын 2008 жылғы бастапқы деңгеймен салыстырғанда 2015 жылға қарай 10% және 2020 жылы 25% - ға төмендету міндеті тұр.

Электр энергетикасында алға қойған міндетке жету үшін жаңғыртылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамытуды инфрақұрылым, қажеттілік, сондай-ақ, ЖЭК әлеуетін ескере отырып, Бірыңғай электр энергетикасы жүйесін (БЭЖ) құру аясында жүзеге асыру қажет. Бір уәкілетті органның шеңберінде электр энергетикасы жүйесін дамытуға бірыңғай тәсілдері шешім қабылдау процестері мен келісу әрекеттерін оңтайландырады.

Отын-энергетикалық кешен (ОЭК) Қазақстан экономикасының негізгі энергия тұтынушы секторы болып табылатынын назарға ала отырып, энергия тиімділігі бойынша «жасыл экономиканың» белгіленген мақсатты индикаторларына бір уәкілетті орган белгіленген салада энергия тиімділігі бойынша бірыңғай саясат жүргізген кезде қол жетімді болады.

Энергетика министрлігінің Тұжырымдаманың аталған бағыттарын қамтамасыз ету және іске асыру жөніндегі жүргізіп отырған саясаты тек Стратегиямен қойылған мақсаттарға жеткізіп қана қоймай, қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуға, көмір қышқыл газы мен басқа да ластаушы заттардың шығарындыларын қысқартуға мүмкіндік береді, бұл да жасыл экономикаға көшу жөніндегі міндеттерді шешу болып табылады.

Осыған байланысты экология мен энергетика мәселелерін кешенді қарау Энергетика министрлігіне тұрақты даму мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев



201 _____ жылғы _____
года

Астана, Үкімет Үйі

от « _____ » _____ 201 _____

№ _____

№ _____

№ исх: 17-62/1346 от: 31.05.2017

Депутатам
Мажиліса Парламента
Республики Казахстан

На ДЗ-124 от 03.05.2017 года.

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос касательно состояния окружающей среды в Западно-Казахстанской, Атырауской и Мангистауской областях, сообщаем следующее.

Какие действия по улучшению экологической обстановки вокруг месторождений и промышленных зон, проводятся в настоящее время? Какие мероприятия запланированы на 2017-2018 годы по уменьшению процента выброса парниковых газов, загрязнения грунта и поверхностных вод нефтесодержащими отходами вокруг нефтегазовых месторождений в Атырауской, Мангистауской и Западно-Казахстанской областях?

Одним из действенных механизмов по снижению нагрузки на окружающую среду является государственное регулирование выбросов парниковых газов.

Так, в апреле текущего года внесены изменения в Экологический кодекс, наделившие Министерство энергетики компетенцией по утверждению удельных коэффициентов выбросов парниковых газов.

В рамках принятых законодательных поправок Министерством энергетики совместно с бизнес-ассоциациями, международными экспертами USAID и АО «Жасыл Даму» начата работа по разработке Правил распределения квот на выбросы парниковых газов и Национального плана распределения квот на выбросы парниковых газов на период 2018-2020 гг., которые планируется утвердить во второй половине текущего года, и в соответствии с которым с 1 января 2018 года будет запущена Система торговли квотами.

Для снижения техногенного воздействия на окружающую среду и оздоровления экологической обстановки крупными предприятиями республики ежегодно разрабатываются планы природоохранных мероприятий, выполняемые за счет собственных средств.

Кроме этого, для улучшения экологической обстановки вокруг месторождения и промышленных зон крупными природопользователями на

Бланк серийный номер: ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті кешірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

31.05.2017 ЕСЭДЮ ГО (версия 7.20.0) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП.

2017-2018 гг. запланированы природоохранные мероприятия, как переработка нефтеотходов, буровых отходов, нефтешлама, замазученного грунта; переработка отходов накопленных в чеках «Площадки хранения твердых отходов и отработанных буровых жидкостей»; переработка жидких отходов и сточных вод с объектов, буровых станков и установок месторождения; строительство системы водонагнетания из стекловолоконистых труб; утилизация попутно добываемого газа путем применения в качестве топлива и переработки; мероприятия по сокращению объемов сжигания газа при освоении скважин, которые позволят снизить выбросы загрязняющих веществ в атмосферу; разработка проекта модификации установок, целью которого является снижение риска выброса кислого или сырого газа в атмосферу в случаях отключения электроэнергии или других сбоев; рекультивация нарушенных земель.

Какие проекты в сфере защиты экологии рассматриваются, какие на стадии реализации? Какова степень участия в данных проектах представителей государственных и иных негосударственных научно-производственных и научно-исследовательских организаций?

Министерством энергетики в настоящее время реализуется проект по утилизации нефтешламов, находящийся в городе Жанаозене на территории АО «ӨзенМұнайГаз» (в районе МУ-3, цеха подготовки и перекачки нефти (ЦППН) (130,0748 га), Алыбсеноманского бывшего технического водозабора (859,3 га).

Данные отходы решением Каракиянского районного суда Мангистауской области признаны бесхозными и переданы в АО «Жасыл Даму» для последующей их утилизации.

В рамках реализации данного проекта проведен открытый конкурс по реализации бесхозных опасных отходов, находящийся в городе Жанаозене на территории АО «ӨзенМұнайГаз».

Кроме того, Министерством энергетики разработана целевая программа «Комплексные исследования экосистем казахстанского сектора шельфа и побережья Каспийского моря с оценкой влияния нефтегазовой отрасли» на 2018-2023 годы (далее – Программа). В рамках Программы предусмотрено проведение анализа существующей сети наблюдений за экологическим состоянием климатических, гидрологических, почвенных условий и донных грунтов казахстанского сектора шельфа и побережья Каспийского моря и выработка рекомендаций по ее совершенствованию.

Также, за счет инвестиций природопользователей выполняются работы по научно-исследовательским, изыскательским проектам. Так, к примеру, компанией «Норт Каспиан Оперейтинг Компани. Н.В» проводятся исследования животного и растительного миров и среды обитания на морских и наземных участках в рамках мероприятия «Исследования, мониторинг и оценка экологических условий и параметров в районах ведения производственных операция Компании» на сумму 18 млн. тенге.

Также, ТОО «Тенгизшевройл» в 2017 году на изыскательные проекты по управлению и изучению серных карт выделено 33 млн. тенге.

Компанией «Карачаганак Петролиум Оперейтинг б.в.» в 2017 году предусмотрено мероприятие по исследованию качества компонентов окружающей среды на Карачаганакском нефтегазоконденсатном месторождении на сумму 193 млн. тенге. В 2016 году выполнены научно-изыскательские работы «Определение путей дальнейшего использования забуртованного плодородного слоя почвы» на сумму 16,5 млн. тенге.

Все указанные проекты разрабатываются в первую очередь с привлечением отечественных научных учреждений (научно-исследовательских проектных институтов) и проектных организаций.

Существует ли информация о новейших наработках и предложениях по улучшению экологической ситуации в добывающей отрасли?

С целью рационального использования ресурсов газа и снижения экологической нагрузки Министерством энергетики совместно с заинтересованными государственными органами проведена работа по усовершенствованию законодательной базы, что позволило повысить ответственность недропользователей в решении вопросов утилизации попутного газа.

В соответствии с Законом «О недрах и недропользовании» Министерством энергетики осуществляется постоянный мониторинг за выполнением недропользователями страны разработанных и утвержденных Программ по утилизации попутного газа и развитию переработки попутного газа.

Так, согласно статье 86 Закона «О недрах и недропользовании» недропользователи обязаны предусматривать Программы развития переработки попутного газа (далее - Программы), которые должны обновляться каждые три года, в целях рационального использования попутного газа и снижения вредного воздействия на окружающую среду путем сокращения объемов его сжигания или обратной закачки в пласт (утилизации).

В ходе реализации недропользователями Программ сокращены объемы сжигаемого газа с 2006 по 2016 годы с 3,1 до 1,0 млрд.м³, или на 68%, при этом добыча нефти увеличилась с 64,9 млн.тонн в 2006 году до 78,0 млн.тонн в 2015 году, а газа с 27,0 до 46,4 млрд.м³. Таким образом, реализация указанных программ позволяет рационально использовать природные ресурсы, а также снижать нагрузку на окружающую среду.

Насколько оправдано нахождение Департамента экологического мониторинга и информации в структуре Министерства энергетики Республики Казахстан?

В соответствии с Указом Президента РК от 6 августа 2014 года № 875 «О реформе системы государственного управления Республики Казахстан» в целях модернизации и повышения эффективности системы государственного управления, оптимизации государственного аппарата и формирования компактного Правительства образовано Министерство энергетики с передачей ему функций и полномочий от Министерства окружающей среды и водных ресурсов в области формирования и реализации государственной политики в сфере охраны, контроля и надзора за рациональным использованием природных ресурсов, обращения с твердыми бытовыми

отходами, развития возобновляемых источников энергии, контроля за государственной политикой развития «зеленой экономики».

Принятая Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» (далее – Стратегия) ставит четкие ориентиры на построение устойчивой и эффективной модели экономики, основанной на переходе страны на «зеленый» путь развития.

В 2013 году Главой государства утверждена Концепция по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике» (далее – Концепции), в которой определены следующие целевые индикаторы:

- в электроэнергетике: доля альтернативной и возобновляемой электроэнергии должна достичь 50% к 2050 году;

- в энергоэффективности стоит задача по снижению энергоемкости ВВП на 10% к 2015 году и на 25% к 2020 году по сравнению с исходным уровнем 2008 года.

Для достижения поставленной задачи в электроэнергетике развитие возобновляемых источников энергии (ВИЭ) необходимо осуществлять в рамках создания Единой электроэнергетической системы (ЕЭС), с учетом готовности инфраструктуры, потребности, а также потенциала ВИЭ. Единые подходы к развитию электроэнергетической системы в рамках одного уполномоченного органа оптимизируют процесс принятия решений и согласования действий.

Принимая во внимание, что топливно-энергетический комплекс (ТЭК) являются ключевым энергопотребляющим сектором экономики Казахстана, определенные целевые индикаторы «зеленой экономики» по энергоэффективности могут быть достигнуты при проведении единой политики по энергоэффективности в отрасли, определенной одним уполномоченным органом.

Проводимая Министерством энергетики политика по обеспечению и реализации перечисленных направлений Концепции позволит достичь не только поставленных Стратегией целей, но и минимизировать воздействие на окружающую среду, сократить выбросы углекислого газа и других загрязняющих веществ, что также является решением задач по переходу к зеленой экономике.

В связи с чем, комплексное рассмотрение вопросов экологии и энергетики Министерством энергетики позволяет принимать решения, направленные на обеспечение устойчивого развития и экологической безопасности.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

Б. Сагинтаев